

Мемлекеттік бақылау субъектісіне берілетін Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаудың нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 127 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 мамырда № 27875 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 2-11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса берілген мемлекеттік бақылау субъектісіне берілетін Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаудың нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін

.4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

E. Карашукеев

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2022 жылғы 27 сәуірдегі
№ 127 бұйрығымен
бекітілген

Нысан

Мемлекеттік бақылау субъектісіне берілетін Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқау

20 ____ жылғы "____" № _____

(жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган

ведомствосы аумақтық бөлімшесінің атауы (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 145-1-бабына сәйкес Сізге,

(Қазақстан Республикасының шетелдік қатысушылары жоқ мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі,

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – тегі, аты, экесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі) мемлекеттік бақылау субъектісіне (бұдан әрі – бақылау субъектісі)

берілетін Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою

туралы осы нұсқауды (бұдан әрі – нұсқау) жолдайды. Бақылау субъектісінің мекенжайы:

(почталық индексі, облыс, қала, аудан,

қаладағы аудан, кент, ауыл, көше, шағын аудан, квартал, тұйық көше, даңғыл, үйдің (ғимараттың), кеңсенің нөмірі) Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижесінде келесідей бұзушылықтар анықталды:

(шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участкерлерін пайдаланбаудың немесе

ұтымсыз пайдалану фактілері бойынша бұзушылықтар сипаты көрсетіледі) Анықталған бұзушылықтарды жою тәртібі

Нұсқауды орындау мерзімі оны алған күннен бастап бір жыл болып белгіленеді.

Кодекстің 145-1-бабы 10-тармағына сәйкес бақылау субъектісі нұсқауды орындау мерзімі

өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімшеге анықталған бұзушылықты жою

арқылы оның орындалғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Кодекстің 145-1-бабы 12-тармағына сәйкес нұсқауды белгіленген мерзімде, оның ішінде

бақылау субъектісінің оның орындалғаны туралы ақпаратты жібермеуі түрінде орынданамауы

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалған тәртіппен бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылауды тағайындауға негіз

болып табылады.

Жердің пайдаланылуы мен қорғалуы жөніндегі мемлекеттік инспектор:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы) Нұсқауды алдым

(жеке тұлғаның, занды тұлғаның басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса), қолы, күні) Нұсқау бақылау субъектісіне табысталды:

(жердің пайдаланылуы мен қорғалуы жөніндегі мемлекеттік инспектордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, күні) Нұсқау бақылау субъектісіне жолданды:

(жолдауды және алушты дәлелдейтін құжат)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК